5.1.50 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 14 – ші беті</b>

5.1.51 Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

5.1.52 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ЖЖОКБҰ-да жүргізіледі.

5.1.53 Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

*ағылшын тілі:* International English Language Tests System (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 5,5;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 5,5;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 460;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 46);

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 453;

Duolingo English Test (Дуолинго Инглиш Тест), шекті балл – кемінде 85;

CEFR (Common European Framework of Reference - СиИЭФаР (Коммон Юуропиан Фреймуорк Ов Рефэрэнс), шекті балл – B2,

*неміс тілі:* Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі);

*француз тілі:* Test de Francais International™ - Тест де франсэ Интернациональ (TFI (ТФИ) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du français - Тест де коннэссанс дю франсэ (ТСФ (ТСФ) – кемінде 50 балл).

5.1.54 Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі қабылдау комиссиясымен тексеріледі.

5.1.55 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

5.1.56 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар белгіленген балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 15 – ші беті</b>

5.1.57 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес жүргізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тек түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады. Докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханы жазбаша немесе тест түрінде қабылданады.

## **5.2 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**

5.2.1 Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.

5.2.2 Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары тобының магистратурасына түсуші тұлғалар:

1) араб тілі бойынша түсу емтиханын;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

5.2.3 Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

5.2.4 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар қабылдаудың Үлгілік қағидасы 1-қосымшадағы кестеге сәйкес өткізіледі.

5.2.5 Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

5.2.6 Араб тілінен түсу емтихандары жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ-мен дербес жазбаша түрде өткізіледі. Бұл ретте түсушілер араб тілінен түсу емтиханын оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

5.2.7 Араб тілінен түсу емтиханын өткізу кезеңінде ЖЖОКБҰ-да емтихан комиссиясы құрылады.

5.2.8 Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының қатарынан комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлау арқылы қалыптастырылады және ЖЖОКБҰ басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

5.2.9 Араб тілінен түсу емтихандарын өткізу бағдарламаларын ЖЖОКБҰ әзірлейді және ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

5.2.10 Араб тілінен түсу емтихандарының кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

5.2.11 Араб тілінен түсу емтихандары бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

5.2.12 Араб тілінен емтиханды өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 16 – ші беті</b>

5.2.13 ЖЖОКБҰ меншік нысанына қарамастан, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда араб тілінен емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ араб тілінен емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

5.2.14 ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы араб тілінен емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге араб тілінен емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

## **6. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы**

6.1 Апелляциялық комиссия резидентураға, докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

6.2 Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

6.3 Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

6.4 Докторантураға, резидентураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі.

6.5 Өтініштер түсу (шығармашылық) емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

6.6 Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

6.7 КТ-ны қағаз форматта өткізу кезінде КТ өткізу пунктінде орналасқан апелляциялық комиссия КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. КТ өткізу пункттеріндегі апелляциялық комиссия апелляцияны қарау нәтижелерін Республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

6.8 Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде КТ нәтижелеріне шағымданатын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

6.9 КТ электрондық форматта өткізу кезінде түсуші апелляцияға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде өтініш береді. Республикалық апелляциялық комиссия өтініштердің негізділігін тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

6.10 Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

6.11 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 17 – ші беті</b>

## **7. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау**

7.1 Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық шәкіліге сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады. Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғарғы балл – 35 балл.

Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және араб тілін білуді талап ететін түсу емтихандардың нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, бұл ретте: араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

7.2 Резидентураға тұлғаларды қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейінінен түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

7.3 Докторантураға тұлғаларды қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

7.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары, араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары топтары үшін - кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратура үшін – кемінде 50 балл;

3) резидентура үшін – кемінде 75 балл.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 18 – ші беті</b>

7.5 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

7.6 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң таңдаған білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер қорының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы 3 күнтізбелік жылдағы 1, 2 тоқсанға кіретін рейтингтік ғылыми жарияланымдар; ғылыми эзирлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

7.7 Резидентураға қабылдау кезінде талапкерлердің конкурстық балдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ең жоғары баға алған тұлғаға басым құқық беріледі. Содан соң интернатурада оқу кезеңіндегі GPA орташа баллы, қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың 1-кезеңің бағасы мен рецензияланатын журналдарда (соның ішінде БҒСҚАК – Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті мақұлдаған басылымдарда) жарияланымдарының бар-жоғы ескеріледі.

7.8 Магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін КТ немесе түсу емтиханын тапсырып, шекті балл алған үміткерлер Түркия квотасы конкурсына қатыса алады. Магистратура, резидентура және докторантура білім беру бағдарламаларына бөлінетін контингентті университеттің қабылдау комиссиясы белгілейді.

7.9 Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте "кіруде" магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді

7.10 Осы Ережеге сай оқуға қабылданған адамдарға бұрын меңгермеген негізгі пәндерді, яғни пререквизиттерді білім алушылар қатарына қабылданғаннан соң, ү.ж. 1-қарашаға дейін ақылы негізде меңгерген жағдайда ғана магистратура, резидентура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға рұқсат беріледі.

7.11 Жоғары білімнен кейінгі білім беру «Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының құрылымы» МЖМС 5-қосымшасына сай магистратура түлектері теориялық оқудың 30 кредитін, соның ішінде негізгі пәндер циклінен 20 кредит, бейіндік пәндер циклінен 10 кредит меңгеруі қажет.

Бейіндік бағыт магистратурасын тәмамдаған түлек педагогикалық бейін бағдарламасын аяқтаған кезде негізгі дипломына қосымша тиісті куәлік беріледі.

Педагогикалық бейін бағдарламасының курстарын Университеттің Үздіксіз білім беру институтында ақылы негізде жүзеге асыруға болады.

Педагогикалық бейін магистратурасының білім беру бағдарламасын меңгергені туралы куәліктің нысанын дербес түрде белгілейді және меншік түрі мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, барлық университеттер оны таниды.

7.12 Магистрант, докторант пререквизиттер ретінде тиісті деңгейдегі формалды емес білім берудегі оқу нәтижелерін ұсынып, ЖОО оларды Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сай тануды жүзеге асырады.

7.13 Магистратура, резидентура және докторантураға түсу сынақтарынан сәтті өткен, бірақ мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінген орындарға конкурстан өтпеген үміткерлер университеттің магистранттар, резиденттер және докторантура бағдарламаларына ақылы түрде қабылдана алады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 19 – ші беті</b>

7.14 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 5 қыркүйекке дейін қайтарылады.

Бұл ретте, ең алдымен тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары нәтижелерінің неғұрлым жоғары балл алған үміткерлері бар ЖЖОКБҰ-ның өтінімдері қанағаттандырылады. Аталған білім беру бағдарламасының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, қайта бөлу тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының ішінде жүзеге асырылады. Дайындық бағыты бойынша үміткерлер болмаған жағдайда қайта бөлу білім саласының ішінде жүргізіледі. Игерілмеген орындарды қайта бөлу күнтізбелік жылғы 30 қыркүйекке дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

7.15 ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

### **Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау**

7.16 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылғы 25 тамызға дейін:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ және шет тілі бойынша түсу емтихандарының сертификатын немесе тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) (магистратура үшін);
- 4) түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін);
- 5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатын және білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);
- 6) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелерін («Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласы бойынша докторантура үшін) тапсырады.

7.17 Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.

## **8. Шетелдік азаматтар үшін**

8.1 Магистратура, резидентура және докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау күнтізбелік жыл бойы қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

8.2 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 20 – ші беті</b>

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

## **9. Өзгерістерді енгізу тәртібі**

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша-2.)

## **10. Келісу, сақтау және тарату**

10.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Басқару Кеңесінің отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге ұсыну туралы қаулы шығарады (Басқару Кеңесінің 2020 ж. «10» 06 №6 хаттамасы). Университеттің Бірінші вице-президентімен келісіп, университеттің президенті тарапынан бекітіледі.

10.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары электронды адрестер бойынша жіберіледі: Академиялық департаментке, Кәсіби бағдар бөліміне, факультет декандары, кафедра меңгерушілеріне.

10.3 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

### **КЕЛІСІЛДІ:**

Оқу-әдістемелік істері жөніндегі  
вице-президент

\_\_\_\_\_

У.Умбетов

Даму және қаржыландыру  
жөніндегі вице-президент

\_\_\_\_\_

Пусат Пилтен

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің  
басшысы

\_\_\_\_\_

Ғ.Мусаханов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг  
және сапа орталығының басшысы

\_\_\_\_\_

Ж.Дарибаев

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 21 – ші беті</b>

## 11 . Қосымшалар

Қосымша-1

«БЕКІТЕМІН»  
 Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
 Халықаралық қазақ-түрік  
 университетінің президенті  
 \_\_\_\_\_ Б.Абдрасилов  
 « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

### ЖОҒАРЫ БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

#### Түсу емтихандарын өткізудің жалпы алгоритмі

Әрекеттер реті	Әрекеттер
1-қадам	Сандық құрылғыны (компьютер, моноблок, ноутбук) и дайындап, оны интернет желісіне қосу.
2-қадам	Сандық құрылғының веб-камерасы мен микрофонының жұмыс сапасын тексеру.
3-қадам	Сандық құрылғыда Google Chrome браузерінің бар-жоғын тексеру.
4-қадам	Смартфонға ZOOM бағдарламасын орнату.
5-қадам	Смартфонды қолданып, берілген сілтеме бойынша ZOOM платформасындағы бейне-конференцияға өтіп, сәйкестендіруден өту.
6-қадам	Смартфонның камерасын сандық құрылғы экраны, тестілеуден өтушінің беті мен қолдары көрінетіндей етіп бұрып қою керек.
7-қадам	<a href="https://ayu.oes.kz/">https://ayu.oes.kz/</a> сілтемесі бойынша прокторинг жүйесіне кіріп, логин мен парольді теру.
8-қадам	Сілтеме бойынша бағдарламаны орнату.
9-қадам	Камера мен микрофонды пайдалануға рұқсат беру.
10-қадам	Экранды көрсетуге рұқсат беру (нажать на картинку экранның суретін, содан соң «бөлісу» батырмасын басу керек)
11-қадам	Тест тапсыру тілін таңдау.
9-қадам	Парольді теріп, тестті бастау.
10-қадам	Прокторинг жүйесіндегі емтиханды белгіленген уақытта аяқтау.
11-қадам	Прокторинг жүйесінен шығып, ZOOM платформасындағы бейне-конференцияны аяқтау.
Күші еңсерілмейтін жағдайда (электр энергиясының болмай қалуы, интернет байланысы әлсіреуі және т. б.)	ZOOM платформасындағы бейне-конференцияның чатына туындаған проблема туралы дереу хабарлама жолдау қажет.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 22 – ші беті</b>

### **Түсу емтихандарына кіретін талапкерлерге қойылатын талаптар**

Түсу емтихандары бір уақытта прокторинг пен ZOOM платформасындағы бейне-конференцияны пайдаланып, нақты уақыт (онлайн) режимінде өткізіледі.

Онлайн режимде түсу емтихандарына қатысушылар үшін міндетті шарт веб-конференцияның сандық этикетін сақтау болып табылады, себебі түсу емтихандары кезіндегі барлық іс-әрекеттер бейнеге жазылып, оларды комиссия қарайтын болады.

### **Онлайн режимде тест тапсыруға қажетті шарттар**

<b>Дайындық</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- компьютер, моноблок, ноутбукті дайындап, интернет желісіне қосу қажет;</li> <li>- Пайдаланушының ЖК қойылатын талаптар: <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Стационарлы компьютер, моноблок немесе ноутбук (ұялы құрылғылар жараммайды);</li> <li>2. Операциялық жүйе Windows (7, 8, 8.1, 10 нұсқалары) немесе Mac OS X Yosemite 10.10 және одан жоғары болуы тиіс;</li> <li>3. Жедел жады: 3 Гб және одан жоғары болуы қажет;</li> <li>4. Процессоры: - Intel Core 2 DUO немесе SSE2 қолданылатын одан кейінгі нұсқалары, - AMD Athlon x2 және одан жоғары; - 2 ядролы және одан жоғары; - 1,8 ГГц және одан жоғары;</li> <li>5. Интернет-браузері: - Google Chrome браузерінің емтихан тапсыру кезіндегі ең соңғы нұсқасы (браузерді <a href="https://www.google.com/chrome/">https://www.google.com/chrome/</a> сілтемесі арқылы орнатасыз);</li> <li>6. Тұрғылықты дискідегі бос орын – 500 Мб;</li> <li>7. Пайдаланушыдан деректерді беру жылдамдығы кемінде 5 Мбит/сек. құрайтын тұрақты интернет-байланыс;</li> <li>8. Деректерді: 80 TCP, 443 TCP, 3478 TCP/UDP желілік порттары арқылы беруге болады (бұл мәселені провайдер арқылы көріп-білуге болады/Басқару панелі – Жүйе және қауіпсіздік – Windows қорғаушысы брандмауэры – қосымша параметрлер. Кіріс және шығыс қосылыстарға шектеу жоқ екендігіне көз жеткізіңіз);</li> <li>9. Жұмысқа жарамды және қосылған, анықтығы кемінде 640x480 px құрайтын веб-камера болуы тиіс (соның ішінде моноблок пен ноутбуктың ішіне орнатылғандарын қоса);</li> <li>10. Жұмысқа жарамды және қосылған микрофон болуы тиіс (соның ішінде моноблок пен ноутбуктың ішіне орнатылғандарын қоса);</li> <li>11. Компьютеріңіз тексеруден табысты өтуі тиіс. Тексеру тек қана авторландырылғаннан кейін ғана қолжетімді болады.</li> </ol> </li> </ul> <p><b>МАҢЫЗДЫ:</b> <i>Егер компьютеріңіз бұл талаптарға сай келмесе немесе тексеруден өтпесе, прокторинг қолданылатын емтиханнан өту мүмкін емес.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- компьютерлерге Google Chrome браузері орнатылған болуы тиіс;</li> <li>- сандық құрылғыға (компьютер, моноблок, ноутбук) прокторинг жүйесі бағдарламасын қосу қажет;</li> <li>- смартфонға ZOOM бағдарламасын орнату керек;</li> <li>- смартфонды үміткердің смартфонындағы ZOOM бейне-конференциясы арқылы компьютердің мониторын, пернетақтаны және емтихан тапсырушыны бүйір жағынан көріп отыратындай етіп бұрып қою керек;</li> <li>- ZOOM арқылы өтетін бейне-конференцияға емтиханның басталуынан</li> </ul>
-----------------	---

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 23 – ші беті</b>

	<p>20-30 минут бұрын қосылып, түсу емтиханына бекітілген кестеде көрсетілген уақытта қосылуға дайындалу қажет;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- түсу емтихандарын тапсырушының жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын дайындап қою керек;</li> <li>- түсу емтихандары басталар алдында талапкер отырған бөлмені онлайн режимде көру жүргізіледі (бөгде заттар табылған жағдайда талапкер оларды бөлмеден шығарады. Ол мұны орындаудан бас тартқан жағдайда, түсу емтиханы тоқтатылып, комиссия өз шешімімен қабылдау емтиханын уақытша немесе мүлдем тоқтатады).</li> </ul> <p><b>Ескерту:</b> Емтихан тек компьютер, моноблок, ноутбук арқылы тапсырылуы қажет. Емтиханды смартфон арқылы тапсыру рұқсат етілмейді. ZOOM платформасын смартфонға орнатылып, сол арқылы түсу емтиханының барысы қадағаланады.</p>
<b>Сыртқы келбеті</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бейне-конференция үшін бір түсті киімдер кию керек (өрнекті, суретті киімдер киюге жол берілмейді);</li> <li>- бас киім киюге, соның ішінде орамал тағуға болмайды;</li> <li>- егер талапкердің шашы ұзын болса, ол шашын құлағы көрініп тұратындай етіп буып қоюы тиіс.</li> </ul>
<b>Айналасы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- емтихан тапсырушы бөлмеде жалғыз болуы тиіс, бөлмеде бөгде адамдар болмауы қажет;</li> <li>- бөлмеде бөгде шу болмауы тиіс;</li> <li>- бөлме тиісінше жарықтандырылуы тиіс;</li> <li>- бейне-конференция кезінде кадрға артық заттардың түсуін болдырмай, қабырғаға арқамен отыру қажет.</li> </ul>
<b>Қарым-қатынас</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзіңізді еркін ұстаңыз және «көзбе-көз» қарап отырыңыз;</li> <li>- өзгелердің сөзін үзбей, кезекпен сөйлеу тәртібін сақтау керек;</li> <li>- әдеттегі дауыспен сөйлесіңіз (айқайлап емес, сыбырлап емес), бірақ тез емес;</li> <li>- байланыста қандай да бір проблема туындап қалған жағдайда, дереу ZOOM платформасындағы бейне-конференцияның чатына туындаған проблема туралы хабарлама жолдау қажет.</li> </ul>
<b>Тыйымдар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түсу емтиханын тапсыру үшін тікелей қажетті құрылғылардан басқа электрондық құрылғыларды қолдануға болмайды;</li> <li>- конференцияға қатысушылармен тек түсу емтихандары нысаны бойынша сөйлесу керек;</li> <li>- артық әрекеттер мен әңгімелерге (емтиханнан басқа нәрселерге назар аударуға: жан-жаққа қарауға, телефон қоңырауына жауап беруге, бөгде адамдармен сөйлесуге) жол бермеу керек, тек қана мониторға қарап, бейне-конференцияға қатысушылармен тек қана түсу емтиханына қатысты ғана сөйлесу қажет.</li> </ul>

**Прокторинг және проктордың міндеттері**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 24 – ші беті</b>

Түсу емтихандары түрлерінің онлайн прокторингі және бейнежазбасы прокторинг жүйесі мен Zoom платформасында нақты уақыт режимінде жүргізіледі. Емтихан барысын бақылау үшін қабылдау комиссиясы төрағасының өкімімен қосымша прокторлар тағайындалады.

Талапкер түсу емтиханына қосылар алдында оның өз смартфоны арқылы Zoom платформасы арқылы бейнесін сәйкестендіруден өтуі міндетті. Проктор оны көріп, құжаттың бейнемен сәйкестендірген кейін, түсу емтиханы басталады. Проктор емтихан аяқталған соң прокторинг жүйесіндегі жазбадан емтихан тапсырушы мен оның жұмыс үстелін көреді, оған қосымша талапкердің смартфонна орнатылған ZOOM платформасы арқылы оны бақылап отырады. Смартфон емтихан тапсырушының бүйір жағында болуы тиіс. Емтихан басталар алдында проктор сәйкестендіру рәсімін өткізеді, яғни талапкер өз басын куәландыратын құжатты көрсетіп отырады, ал проктор сол құжаттардан көріп отырған деректерді емтихан сынағынан өтушінің профиліндегі деректермен және оның құжаттағы фотосуретін оның веб-камерадағы бейнесімен салыстырады. Емтихан тапсырушы прокторинг жүйесі арқылы қажетті бағдарламаны орнатып, веб-камераны пайдалануға және өзінің жұмыс үстелін көрсетуге рұқсат береді. Содан соң ол емтиханға кіріп, тапсырмаларды орындауға кіріседі. Емтихан барысында проктор емтихан хаттамасына жазбалар жасап, скриншоттарды сақтай алады, бұл келешекте даулы мәселелер туындаған жағдайда қажет болуы мүмкін. Талапкер емтихандан өту ережесін бұзған жағдайда, проктор емтиханды мерзімінен бұрын аяқтау себебін атап көрсетіп, емтиханды тоқтата алады.

Сонымен қатар емтихан комиссиясының мүшелері де ZOOM платформасы арқылы емтихан барысын қадағалап отырады.

### **Онлайн режимінде өткізілетін түсу емтихандары туралы**

**Емтиханды өткізу түрі:** кешенді тестілік түсу емтихандары **онлайн пішімде өткізіледі.** Тест тапсырмаларына кемінде 2 бейінді пән бойынша 40 сұрақ кіреді, олар күрделілі деңгейіне қарай 2 бөлімге жіктеледі: 1-ден 30-ға дейінгі сұрақтар – оңай және күрделілігі орташа, ал 31-ден 40-қа дейінгі сұрақтар – күрделі сұрақтар болады.

**Бағалау критерийлері:** Тестілеу нәтижелері 100-балдық бағалау жүйесімен бағаланады. 1–30-шы сұрақтарға берілген әрбір дұрыс жауапқа 2 балл, ал 31–40-шы сұрақтарға берілген әрбір дұрыс жауапқа 4 балл беріледі.

Бағалаудың шекті балы: 50 балл.

Тестілеу уақыты – 50 минут.

### **Шетел азаматтары болып табылатын талапкерлер үшін әңгімелесу үдерісін өткізу алгоритмі:**

<b>Әрекеттер реті</b>	<b>Әрекеттер</b>
1-қадам	ZOOM платформасында конференцияға қосылып, сәйкестендіруден өту.
2-қадам	Комиссия құрамымен әңгімелесу-сұхбаттасуға қатысу.
3-қадам	Қажет болған жағдайда комиссия құрамының қосымша сұрақтарына жауап беру
4-қадам	Әңгімелесудің қорытындысы шығарылып, хаттама шешімі жарияланады.
5-қадам	ZOOM платформасында бейнеконференцияны аяқтау.
Күші еңсерілмейтін жағдайда (электр	ZOOM платформасындағы бейне-конференцияның чатына туындаған проблема туралы дереу хабарлама жолдау қажет.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-088-2020</b>
<b>Сапа менеджмент жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі		<b>27 беттің 25 – ші беті</b>

энергиясының болмай қалуы, интернет байланысы әлсіреуі және т. б.)	
--	--

Түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу қабылдау комиссиясына, техникалық-ақпараттық қамтамасыздандыру университеттің IT департаментіне жүктеледі.

**Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы**

**Т.Ниязов**



